

Грант алушы: «ORKEN2018» жеке меншік мекемесі  
 Грант тақырыбы: «Тіл - қазына» жобасы  
 Грант сомасы: 16 000 000 теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

*Гранттық шартпен бірге берілген №3 қосымша (жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы) бойынша жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды күнін, орнын, қатысушылар санын егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

**1-міндет. «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері, қоғам белсенділері, тіл мамандары, белсенді жастар, мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері, блогерлер және т.б. тіл жанашырларын тарту**

**1-шара. Көшпелі семинар-тренинг.**

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы» ҚР Заңдары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік тіл саясатын іске асыру арқылы қазақ тілін меңгерген тұрғындар үлесін арттыру мақсатында Қарағанды облысы аумағындағы 11 өңірде, атап айтсақ Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандары мен Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларында көшпелі семинар-тренинг өткізілді. Көшпелі семинар-тренингке 11 өңір бойынша барлығы 2136 адам қатысты. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық және қалалық филиалдарының төрағалары шараға модератор ретінде, ал тіл саясатын жүзеге асыруға атсалысып жүрген мамандар спикер ретінде тартылды.

**2-шара. Әлеуметтік желіде «Қазақ тілі 24/7» контентін қалыптастыру.**

Әлеуметтік желі пайдаланушылары арасында қазақ тілін толыққанды қарым-қатынас, бизнес тіліне айналдыру, тұтынушылар арасында қазақ тілін қолдануға деген сұранысты арттыру, әлеуметтік желіде отыратын көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты жастардың санын арттыру, қазақ тілінде сауатты жазу әрі дұрыс сөйлеуді қалыптастыру мақсатында мемлекеттік тілде тәрбие алып жатқан әрі білім алып жатқан өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?» атты бейнероликтер түсірілді. Аталмыш бейнероликке 10 өзге ұлт өкілдерінің балалары қатысты. Бұл бейнероликтер әлеуметтік желілерде, сондай-ақ жергілікті «5 канал» телеарнасында көрсетілді.

Сонымен қатар қазақтілді онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру мақсатында кемінде 2000 және 10000-нан кем емес белсенді аудиториясы бар қарағандылық және елімізге танымал блогерлер тартылды. Блогерлердің вайндары/бейнероликтері әлеуметтік желіде, атап айтсақ Instagram және Tik-Tok-та жарияланды.

**3-шара. «Үлгілі отбасы» байқауын ұйымдастыру және өткізу.**

Отбасылық құндылықтарды дөріптеу, ұлтымыздың тілі мен ділін өскелең ұрпаққа, өзге ұлт өкілдеріне кең ауқымда насихаттау, өткен мен бүгінді ұштастырып, асыл мұрамыз болып сақталған ұлт қазынасын ұлықтау мақсатында Ұ.ж. 26 қазанда «Үлгілі отбасы» байқауы өткізілді. Байқауға Қарағанды облысы аумағындағы қала және аудан тұрғындары арасында толық отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалар мен немерелер) құралған 11 отбасы қатысты.

**Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз**

**Жоба мақсаты:**

Мемлекеттік тілдің қоғамның әр саласында қолданылу аясын кеңейту, ақпарат әлеміндегі белсенділігін арттыру, қазақша контенттер қатарын көбейтуге атсалысу, отбасындағы қазақ тілінің

кадр-қасиетін, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының сақталуын дәріптеу

**Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:**

- тіл саясатына қатысты қоғамдық сананың қалыптасуы;
- қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюі;
- Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қарағанды облыстық филиалы жұмысының жандануы;
- қоғам белсенділері мен тіл жанашырларының тіл бағытындағы шараларда ұйысуы;
- облыс көлеміндегі қала мен аудандарда тіл саясатының насихатталуы, тиісті түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі.

Міндеті	Міндет аясындағы шаралар	Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)	Сандық және сапалық индикаторлар	Индикаторлар		Тиімділік
				жоспар	факт	
«Қазақ тілі» қоғамының мүшелері, қоғам белсенділері, тіл мамандары, белсенді жастар, мемлекеттік тілді меңгерген өзге өкілдері, блоггерлер және т.б. тіл жанашырларын тарту	Көшпелі семинар-тренинг	Семинар-тренингтің бағдарламасы әзірленіп, келісіледі; 11 өңірде өткізілген іс-шара модераторы мен спикерлердің тізімі бекітілді; Өңірлерде шараның өтетіндігі бойынша тұрғындарға алдын-ала хабарландыру жұмыстары жүргізілді; БАҚ-та және	Өңірлерге шығу бағытының графигін бекіту Семинар тезистері Семинар бағдарламасы Өңірлерге шығатын оператор, модератор мен спикерлердің тізімін бекіту Жоба туралы баннер және ролл-ап әзірлеу, ақпараттық парақшалар, бағдарлама дайындау	1 график (11 өңір бойынша) 4 тезис 11 бағдарлама 1 тізім (3 спикер, 1 модератор, 1 оператор) 1 баннер, 1 ролл-ап, 2000 дана ақпараттық парақша мен 2000 дана бағдарлама	1 график 13 тезис 11 бағдарлама 9 тізім 1 баннер, 1 ролл-ап, 2000 дана ақпараттық парақша, 2000 дана бағдарлама	Көшпелі семинар-тренингтің тиімділігін БАҚ-та, сондай-ақ әлеуметтік желіде жарияланған посттар мен мақалалардан көруге болады. Жоспар бойынша семинар-тренингке 11 өңірден 2000 адамды қамту көзделген болса, іс жүзінде 2136 адам қамтылды. Шара бойынша баспа беттерінде 11 мақала, әлеуметтік желіде 87 пост шықты. Өңірлерде өткен семинар-тренинг барысында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық және қалалық филиалдарының



		<p>әлеуметтік желілерде көшпелі-семинар барысында тіл саясаты мәселесіне қатысты талқыланған ақпараттар жарияланды;</p> <p>Ұйымдастырушы мен серіктестердің логотипі мен семинар-тренинг туралы жалпы ақпараты көрсетілген арнайы баннер, ролл-ап дайындалды.</p> <p>Қатысушыларға тіл заңнамасы туралы ақпарат пен қазақ тіліндегі IT жобалар көрсетілген ақпараттық парақшалар, блокноттар, қаламдар таратылды.</p>	<p>Қатысушылардың тізімі</p> <p>Графикке сәйкес 11 өңірде өтетін көшпелі семинар-тренингке қатысушылар саны</p> <p>Хаттама</p> <p>Фото және бейне есеп</p> <p>Облыс орталығы Қарағанды қаласында баспасөз конференциясын өткізу</p> <p>1-бағыт бойынша тамыз айында Приозерск, Балқаш қалалары мен Шет ауданында көшпелі семинар-тренинг өткізу</p> <p>1-бағыт бойынша</p>	<p>11 тізім (әр өңірдегі семинар-тренинг бойынша)</p> <p>2000 адам</p> <p>11 хаттама</p> <p>11 диск (1 дискіде 30 фото мен 1 видеодан кем емес)</p> <p>1 баспасөз мәлімдемесі</p> <p>3 өңір</p> <p>1 бағдарлама</p>	<p>11 тізім</p> <p>2136 адам</p> <p>11 хаттама</p> <p>11 диск</p> <p>1 баспасөз мәлімдемесі</p> <p>3 өңір</p> <p>1 бағдарлама</p>	<p>құрылғандары туралы ақпарат беріле отырып, жергілікті филиал төрағалары ретінде модератор тартылды.</p>
--	--	---	--	---	---	--

			<p>көшпелі семинар-тренинг бағдарламасы</p> <p>2-бағыт бойынша қыркүйек айында Бұқар жырау, Қарқаралы аудандарында көшпелі семинар-тренинг өткізу</p>	<p>(3 спикер, 1 модератор)</p> <p>2 өңір</p>	<p>(3 спикер, 1 модератор)</p> <p>4 өңір (5-бағыт бойынша караша айында Осакаров, Нұра аудандарында жоспарланған көшпелі семинар-тренинг қыркүйек айында Бұқар жырау, Қарқаралы аудандарымен қоса қыркүйек айында өткізілді)</p>
		<p>2 бағыт бойынша көшпелі семинар-тренинг бағдарламасы</p> <p>3-бағыт бойынша қыркүйек айында Абай ауданы мен Шахтинск</p>	<p>1 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)</p> <p>2 өңір</p>	<p>4 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)</p> <p>2 өңір (қыркүйек айына жоспарланған)</p>	

			қаласында көшпелі семинар-тренинг өткізу		Абай ауданы мен Шахтинск қаласындағы көшпелі семинар-тренинг қараша айында өткізілді)
		3-бағыт бойынша көшпелі семинар-тренинг бағдарламасы	1 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)	2 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)	
		4-бағыт бойынша қазан айында Саран және Теміртау қаласында көшпелі семинар-тренинг өткізу	2 өңір	2 өңір	
		4-бағыт бойынша көшпелі семинар-тренинг бағдарламасы	1 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)	2 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)	
		5-бағыт бойынша қараша айында Нұра және Осакаров ауданында көшпелі семинар-тренинг өткізу	2 өңір	Қараша айында Нұра және Осакаров аудандарында жоспарланған көшпелі-	

Қазақ тілді онлайн-контентті жасаушылар қағарын арттыру, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінде сапалы контенттің көбеюіне атсалысу, бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде әлеуметтік желілерде қазақтілді контентті арттыру	Әлеуметтік желіде «Қазақ тілі 24/7» контентін қалыптастыру	«Қазақшаң қалай, балақай?» атты бейнеролигіне қатысушылармен сұхбаттың сценарийі әзірленді; Бейнероликтердің түсірілімі үшін арнайы студия жалға алынды;	5-бағыт бойынша көшпелі семинар-тренинг бағдарламасы «Қазақшаң қалай, балақай?» бейнеролигі түсіріліміне қатысатын бала саны Уәкілетті органдарға өзге ұлт өкілдерінің тізімін ұсыну туралы хат жолдау	1 бағдарлама (3 спикер, 1 модератор)	10 өзге ұлт өкілі (мемлекеттік тілді меңгерген)	10 өзге ұлт өкілінің (мемлекеттік тілді меңгерген) тізімі	семинар-тренинг 2-бағытқа сәйкес өткізілді.	«Қазақшаң қалай, балақай?» атты бейнероликтер Тілдерді дамыту басқармасының әлеуметтік желідегі арнайы ресми парақшасына орналастырылып, оқырмандар тарапынан қолдау тапты. Сонымен қатар, бейнероликтер жергілікті «5 канал» телеарнасында да көрермендер назарына ұсынылды. Осылайша, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ұсынып отырған «Қазақ мектебі» жобасы насихатталды.
			3 хат	3 хат (Облыстық білім басқармасына, қалалық білім бөліміне, ХҚТҚ-на)	3 хат	1 сценарий	1 сценарий отырған «Қазақ мектебі» жобасы насихатталды. Әлеуметтік желідегі жарияланымдар саны - 21 Мақала саны - 2	
			10 бейнеролик (хронометраж: кемінде 3 мин., бейнероликтің сапасы: Full HD (HDTV) – 1920x1080 пикселей, MPEG-4, дыбыс сапасы	10 бейнеролик (хронометраж: кемінде 3 мин., бейнероликтің сапасы: Full HD (HDTV) – 1920x1080 пикселей, MPEG-4, дыбыс сапасы	10 бейнеролик (хронометраж: кемінде 3 мин., бейнероликтің сапасы: Full HD (HDTV) – 1920x1080 пикселей, MPEG-4, дыбыс сапасы	10 бейнеролик (хронометраж: кемінде 3 мин., бейнероликтің сапасы: Full HD (HDTV) – 1920x1080 пикселей, MPEG-4, дыбыс сапасы		



					2 каналный, таза петличка, монтаждау кезінде кадрлар боялады)	МPEG-4, дыбыс сапасы 2 каналный, таза петличка, монтаждау кезінде кадрлар боялды)	
			«Қазақшаң қалай, балақай?» бейнеролигін өңірлік телсарнада трансляциялау	30 шығарылым	30 шығарылым (ТВ анықтамасы)		
		Қазақтілді онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру мақсатында кемінде 2000 және 10000-нан кем емес белсенді аудиториясы бар қарағандылық және елімізге танымал блогерлер тартылды.	Кемінде 2000 және 10000-нан кем емес белсенді оқырмандары бар блогерлерді анықтау, келіссөздер жүргізу	5 блогер	5 блогер тізімі	Жоба аясында тартылған блогерлер өздерінің әлеуметтік желілерінде, атап айтсақ Instagram және Tik-Tok-та жариялаған вайндары/бейнероликте рі арқылы қазақтілді контенттің артуына үлес қосты, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге атсалысты. Бұған дәлел вайндар/бейнероликтер дің қаралым саны.	
Мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді	«Үлгілі отбасы» байқауын ұйымдастыру және өткізу	«Үлгілі отбасы» облыстық байқауының ережесі әзірленіп, әлеуметтік	Байқауға қатысушылар саны	11 отбасылық команда	11 отбасылық команда	«Үлгілі отбасы» байқауын облыстық деңгейде өткізу отбасындағы қазақ тілінің ана тілі	
			Байқауға қатысушылар тізімі	1 тізім	1 тізім		

<p>насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру</p>	<p>желілерде жарияланды. Облыстық газетке хабарландыру берілді.</p> <p>Арнайы шақыру билеттері мен баннер әзірленді.</p> <p>Қазылар алқасының мүшелері анықталып, бекітілді;</p> <p>Үлгілі отбасы» облыстық байқауына қатысушылар дипломдармен, алғыс хаттармен, гүл шоқтарымен және арнайы ақшалай сыйлықпен марапатталды.</p> <p>Жүлде иегерлері анықталып, шараның өткендігі туралы ақпарат БАҚ-та жарияланды.</p>	<p>Байқау ережесі</p> <p>Байқау хаттамасы</p> <p>Қазылар алқасының құрамын бекіту</p> <p>Облыстық газет бетінде байқау туралы хабарландыру жариялау</p> <p>Мамандарды (режиссер, оператор, сценарист, имидждік топ, жүргізуші, музыкалық нөмірді орындаушылар) тарту</p> <p>Фото және бейне есеп</p> <p>Қазылар алқасына және қатысушыларға алғыс хаттар мен дипломдар</p>	<p>1 ереже</p> <p>1 хаттама</p> <p>5 адам</p> <p>1 хабарландыру</p> <p>10 адамнан кем емес</p> <p>11 диск</p> <p>16 дана</p>	<p>1 ереже</p> <p>1 хаттама</p> <p>1 тізім (5 адам)</p> <p>1 хабарландыру</p> <p>12 адам</p> <p>15 диск</p> <p>16 дана (11 қатысушы, 5 қазылар алқасының мүшесі)</p>	<p>ретіндегі ролі артуына ықпал етті. Байқаудың іріктеу кезеңінде 20-дан аса өтінім келіп түсті. Қорытынды кезеңге 11 отбасы жолдама алып, өз өнерлерін ортаға салды. Байқауға толық отбасы, яғни ата-әжесі, ата-анасы, балалары мен немерелері қатыса отырып, ұрпақтар сабақтастығы көрсетілді. Әлеуметтік желідегі жарияланымдар саны - 6</p> <p>Мақала саны - 2</p>
---	---	--	--	--	--



			дайындау		
			Шакыру билеттерін дайындау	50 дана	50 дана

**Жобаның әлеуметтік және экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланып отырған деңгей	Нақты деңгей
1.	Тікелей бенефициарлар саны, оның ішінде: халықтың әлеуметтік осал топтарынан	адам	2000	2136
2.	Жанама бенефициарлар саны (БАҚ-та жариялау есебінен)	адам	100	156
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	30 000	46 563
4.	Тартылған мамандар саны, оның ішінде: халықтың әлеуметтік осал топтарынан	адам	0	0
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	адам	18	18
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	адам	2	2
7.	Салықтар (ӨС, ӘА, МӘМС (штаттық қызметкерлердің ғана))	Ұйым	8	8
8.	Экономикаға қосқан үлес (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	640 000	640 000
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және / немесе жеке тұлғалар)	теңге	0	0
		теңге	8 994 000	8 994 000
		ұйым/адам	5	5

**Жоба бойынша жоспардан ауытқу негіздемелерін сипаттаңыз:**

Әлеуметтік жобаның жан-жақты сипаттамасында көрсетілген көшпелі семинар-тренинг шарасындағы 3-бағыт бойынша Ұ.ж. қыркүйек айына жоспарланған Абай ауданы мен Шахтинск қаласындағы көшпелі семинар-тренинг Ұ.ж. 10 қарашада өткізілді. Ал 5-ші бағыт бойынша Ұ.ж. қараша айына жоспарланған Нұра және Осакаров ауданындағы көшпелі семинар-тренинг Ұ.ж. қыркүйек айының 22-23 күндері өткізілді.

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

**1) Көшпелі семинар-тренинг**

Жоба мақсатына сәйкес Ұ.ж. тамыз-қараша айлары аралығында Қарағанды облысының 11 өңірінде (Шет, Қарқаралы, Бұқар жырау, Осакаров, Нұра аудандары мен Приозерск, Балқаш, Теміртау, Саран, Абай, Шахтинск қалалары) көшпелі семинар-тренинг ұйымдастырылды. Көшпелі семинар-тренингке 11 өңірден 2136 адам қамтылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 11 мақала және әлеуметтік

желіде 87 пост жарияланды. Көшпелі семинар-тренинг модераторы ретінде жергілікті Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық және қалалық төрағалары тағайындалды. Көшпелі семинар-тренингке Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, этномәдени бірлестік өкілдері, белсенді жастар, мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері, тіл жанашырлары қатысты.

#### 2) Әлеуметтік желіде «Қазақ тілі 24/7» контентін қалыптастыру

Жоба мақсатына сәйкес қазақ мектебіне немесе қазақ балабақшасына барып жүрген өзге ұлт өкілдері балаларының қатысуымен «Қазақшаң қалай, балақай?!» атты бейнероликтер түсірілді. Жалпы білім беру ұйымдарынан 32 өтінім келіп түсті, оның ішінен 10 бала іріктелді. Бейнероликтерді түсіру үшін кәсіби мамандар тартылды, шығарылған бейнероликтер (барлығы - 10) Тілдерді дамыту басқармасының әлеуметтік желідегі арнайы ресми парақшасына орналастырылып, оқырмандар тарапынан қолдау тапты. Сонымен қатар бейнероликтер жергілікті «5 канал» телеарнасы арқылы да көрермендер назарына ұсынылды. Осмы бейнероликтерді тарату арқылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тарапынан ұсынылып отырған «Қазақ мектебі» жобасы насихатталды. Сондай-ақ әлеуметтік желіде 2000 және 10 000-нан астам оқырмандар саны бар блогерлерді тарту арқылы әлеуметтік желілерде, атап айтсақ Instagram және Tik-Tok-та қазақтілді онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру, оқырмандар арасында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, сондай-ақ қазақ тілінде сапалы контенттің шығуы, мемлекеттік тілді үйренуге деген сұраныс тақырыбы аясында вайндар/бейнероликтер түсірілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында 2 мақала және әлеуметтік желіде 21 пост жарияланды.

#### 3) «Үлгілі отбасы» облыстық байқауын өткізу

Жоба мақсатына сәйкес «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы ү-ж. 26 қазанда өткізілді. Байқауды өткізу арқылы отбасында мәдени және ұлттық құндылықтарды дәрінтеу, қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру көзделді. Байқауға облыс аумағындағы қала және аудандардан келген толық отбасы мүшелері (ата-ана, ата-әже, балалар мен немерелер) қатысты. Байқауға 20-дан аса өтінім келіп түсті, оның ішінде 11 отбасы іріктеуден өтіп, қорытынды кезеңге жолдама алды. Қазылар алқасының шешімі бойынша 11 отбасы дипломдармен, алғыс хаттармен, гүл шоқтарымен және арнайы ақшалай сыйлықпен марапатталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 2 мақала және әлеуметтік желіде 6 пост жарияланды.

#### 3. Әлеуметтік жобаны аяқтау және/немесе іске асыру барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Қарағанды облысының 11 өңірінде өткен көшпелі семинар-тренинг барысында семинарға қатысушылар облыс аумағында жүргізіліп жатқан тегін қазақ тілі курстары, тегін аударма қызметі туралы ақпарат алды және Қазақ тіліндегі платформалар мен IT жобалармен танысты. Смартфон арқылы қазақ тіліндегі мобильді қосымшалармен танысты. «Getpin.com.kz» сайтында қазақ терминологиясымен танысты. «Balatili.kz» балаларға арналған қосымшасы, «Atau.kz» ономастикалық электрондық базасы және @sozdikqog\_bot көпшіліктің қолдануына ұсынылды.

#### 4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісіндегі статистикалық ақпарат (аралық бағдарламалық есепті ұсыну сәтінде):

Гендерлік көрсеткіш:	
Барлық қатысушылар саны	2136
Ерлер	986
Әйелдер	1150



Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:

Бүкіл жобаға қатысушылар саны	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйым жұмысшылары	Мүгедектер	Жасы үлкен адамдар (50 жас және одан жоғары), оның ішінде:	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
2136	-	210	426	598	-	118	84	92	526	82

Жас көрсеткіші:

Бүкіл жобаға қатысушылар саны	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және жоғары
2136	-	+	+	+	+	+	+

5. Әлеуметтік жоба нәтижесі

- көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелері (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):

Қарағанды облысының 11 өңірінде өткен көшпелі семинар-тренинг барысында қоғамда мемлекеттік тіл саясатына қатысты қоғамдық сана қалыптасты, қазақ тілінің қолданыс аясы, әсіресе, өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген сұраныс туындады, облыс аумағында жүргізіліп жатқан тегін қазақ тілі курстары, тегін аударма қызметі туралы барынша хабардар болды. Қазақ тілін толыққанды қарым-қатынастың, бизнестің, ғылымның тіліне айналдыру, әлеуметтік желі пайдаланушыларының арасында қазақ тіліне деген сұраныс артылды, қазақтілді аудиторияның ауқымы кеңейді, блогерлермен тіл саясатына қатысты әлеуметтік маңызы зор бейнероликтер түсіріліп, әлеуметтік желі пайдаланушыларының назарына ұсынылды. Отбасылық құндылықтар дәріптеліп, ұлтымыздың тілі, ділі өскелең ұрпаққа, өзге ұлт өкілдеріне кең ауқымда насихатталды. Өткен мен бүгінді ұштастырып, асыл мұрамыз болып сақталған ұлт қазынасы ұлықталды.

Жоба барысында тартылған 2 танымал блогер Таян Турлай және Лодочников Алексей өз парақшаларын қазақ тілінде жүргізу туралы шешім қабылдады. Екі блогердің 41 692 оқырмандарының барын ескерсек, бұл оң өзгеріс.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды жалғастыру қалай жоспарлануда?



**1) «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ**

«Тіл - қазына» жобасы (бұдан әрі - Жоба) аясындағы көшпелі семинар-тренингті ұйымдастыру барысында өңірлердегі әкімдіктермен байланыс «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма) арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар Басқарманың қолдауымен ү.ж. 10 тамызда жобаның бастау алғандығы туралы баспасөз конференциясы ұйымдастырылды. Баспасөз конференциясында Басқарма басшысы жоба аясында жүзеге асырылатын іс-шараларға жеке жеке тоқталды. Сонымен қатар жоба аясында өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттар мен посттар Басқарманың ресми сайты мен әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланып отырды.

**2) Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы**

Қоғам барлық жерде мемлекеттік тілдің әрі жақтаушысы, әрі бақылаушысы болып табылады. Сондықтан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы (бұдан әрі - Қоғам) бас серіктес ретінде Жобаның жоғары деңгейде іске асуына барынша ықпал етті. Қоғамның аудандық және қалалық филиалының төрағалары Жоба аясында өткен көшпелі семинар-тренинг барысында модератор қызметін атқарды. Осылайша, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жергілікті жерлерде филиалы құрылғандығы туралы халық хабардар болды.

**3) «Қоғамдық келісім» КММ**

«Қоғамдық келісім» КММ-нің қолдауымен Жоба аясында өткен көшпелі семинар-тренингке аудандық және қалалық деңгейдегі этномәдени бірлестіктің өкілдері қатысты. Сондай-ақ «Қоғамдық келісім» КММ-не қарасты Достық үйінде Жоба аясында ұйымдастырылған «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы өтті.

**4) «Saryaqqa Aqaragat» медиахолдингі**

«Saryaqqa Aqaragat» медиахолдингі «Тіл - қазына» жобасы аясында жүзеге асырылған шараларды «Индустриальная Караганда» және «Отталу» Qazaqstan» облыстық газет беттеріне жариялап, ақпараттық қолдау көрсетуге барынша атсалысты.

**Әлеуметтік жобаның серіктестері**

*Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер жатпайды.*

Ұйым атауы /Серіктестіктің Т.А.Ә.	Жобадағы орны	Ұйымның, серіктестіктің байланыс деректері	Ескерту
«Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ	Серіктес	Қарағанды қаласы, Мұстафин көшесі, 6/4	
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы	Бас серіктес	Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы, 64	
«Қоғамдық келісім» КММ	Серіктес	Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы, 64	
«Saryaqqa Aqaragat» медиахолдингі	Серіктес	Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков	

Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыбына ұсыныстар:								
№	Жоба атауы	Орындылығын негіздеу (проблеманы сипаттау)	Мақсат	Міндеттер	Қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі бағыттары)	Қажетті сома	Іске асыру орны (жобаның географиясы)	Күтілетін нәтижелер
1	Тіл - қазына	Қарағанды облысында 2021 жылы жүргізілген тілдік жағдаятқа әлеуметтік және талдамалық зерттеу нәтижесінде 1000 адам арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша: «сөйлеуді түсінемін, бірақ түсіндіре алмаймын» - 13,7%, «еркін сөйлеймін, оқимын, бірақ жазбаймын» - 15,8%, «еркін сөйлеймін, оқимын және жазамын» - 37,0%, «еркін сөйлеймін, соның ішінде кәсіби лексиканы меңгеремін» - 18,7 пайызды көрсетіп отыр. Бұл халық саны жағынан 1 млн. кұрайтын облыс үшін аз көрсеткіш. Сондай-ақ бүгінгі күні БАҚ-тағы қазақ тілді контенттің үлесі шамамен 50%-ды ғана құрайды. Өңірдегі БАҚ пен әлеуметтік желідегі ақпараттарда мемлекеттік тілдің қолдану аясы төмен.	Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, ақпарат әлеміндегі белсенділігін арттыру, қазақша контенттер қатарын көбейтуге атсалысу, отбасындағы қазақ тілінің қадір-қасиетін, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының сақталуын дәріптеу	«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы» ҚР Заңдары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік тіл саясатын іске асыру арқылы қазақ тілін меңгерген тұрғындар үлесін арттыру, қазақтың онлайн-контентті жасаушылар қатарын арттыру, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінде сапалы контенттің көбеюіне атсалысу, бұқаралық ақпарат шығару;	1) Заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында роликтер әзірлеу және оны әлеуметтік желілерде, жергілікті телеарналарда, сауда үйлерінде орналасқан экрандар арқылы көпшілік назарына ұсыну; 2) Мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдерін тарта отырып, бейнероликтер сериясын шығару;	16 000 000	Қарағанды облысы	Жоба іске асырылған жағдайда: - қоғамда мемлекеттік тіл саясатына қатысты қоғамдық сана қалыптасады; - қазақ тілінің қолданыс аясы, әсіресе, өзге ұлт өкілдерінің арасында кеңейеді; - халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалының жұмысы жандандырылады; - мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар арасында қоғам



					белсенділігімен және тіл жанашырларымен тығыз байланыс орнатылады; – облыс көлеміндегі қала мен аудандарда тіл саясатын насихаттау, тиісті түсіндіру жұмыстары кен ауқымда жүргізіледі.
		3) «Үлгілі отбасы» байқауын аудандық және қалалық деңгейде өткізіп, қорытынды кезеңін облыстық деңгейде өткізу	құралдарының, оның ішінде әлеуметтік желілерде қазақтілді контентті арттыру, мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру		

(Сіз ұсынған грант тақырыбы сәйкес келетін грант беру бағытын таңдаңыз)

- 1) білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;  
 II) мәдениет пен өнерді дамыту;

Мемлекеттік орғандағы әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды қолдау туралы хаттың нөмірі мен күні (қаттардың көшірмелерін қосымшаларымен бірге осы есеппен ұсыну қажет)
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ММ	2023 жылы «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасын жалғастыру жөніндегі ұсыныс	№18 14.11.2022ж

Есептегі беттердің жалпы саны: 14  
 Басшы Ж.Ж. АКИМОВА

Толтырылған күні: 21.11.2022  
 Мөрдін орны

